

Бағалау - Оқу белсенділігі - Нәтижелер
Бағалау арқылы:

1. Студенттерді өздерінің оқу үдерісіне қызу араластыру;
2. Оқыту мен бағалау нәтижелері арасында байланыс орнату;
3. Оқу табыстылығының негізгі факторлары болып табылатын студенттердің ынтасы мен өз қадір-қасиеттерін сезінуді дамытуды бағалауды мәнін түсінуге жағдай жасау;
4. Өз жұмысын өзі бағалау және өзін-өзі жетілдіру жолдарын түсіне білуді дамыту;

5. Студенттермен тиімді кері байланыс орнату сияқты оқу үдерісін жақсартуға ықпал ететін бес факторды үнемі есте ұстаған жөн

Бұрынғы оқыту әдістерімен салыстырғанда жанаша оқыту барысындағы оқытушылардың студенттермен қарым-қатынастары қаншалықты өзгерді дегенге келсек, оқытушы мен студент жиі кездесетін болды, олардың арасында тығыз қарым-қатынас орнай басталды. Бұл оқыту процесінің екі жақтылығы процесс екендігін, онда оқытушы-студент, студент-оқытушы, студент-студент қарым-қатынас жүйесінің нақты орын аңғартады. Сабақ олардың білімге деген құштарлығын ояту.

Қорыта айтқанда, жотарыларды тұжырымдар болашақта мектептің белді тұлғасы болатын бүгінгі студенттің ғылыми білімді сапалы ментері мен сөйлеу шеберлігінің тығыз бірлікте қалыптасуының әдістемелік нәтижелерін анықтаудың өзекті екенін дәлелдей түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауы.
2. *Сүдиловская Н.Н., Никольникова М.В.* Применение технологии кейс-метода в преподавании предмета БЖД // *Фундаментальные исследования.* - 2009. - № 5. - С. 114-115.
3. *Оразбаева Ф.* Тілдік қатынас. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 272б.
4. *Балақаев М.* Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. - Алматы: Мектеп, 1989. - 95 б.
5. *Оралбаева Н.* Қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 2008.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

А. Құрманбаева – филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Ә. Әлім – магистр, оқытушы
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

Білім мен тәрбие тұғыры – тіл. Елбасы Н.Ә. Назарбаев ІІ Азаматтық форумдағы сөзінде: «Қазақ тілі мен мәдениеті-біздің мемлекеттілігіміз тұрғызылып жатқан іргетас! Сондықтан қазақ мемлекеттілігіміз тұрғызылып

жатқан іргетас! Сондықтан қазақ тілі мен мәдениетін одан әрі дамыту жұмыстары біздің ынтымақтастықтың ең маңызды бағыты болмақ! Мен сіздерді ынтымақтастықтың ең маңызды бағыты болмақ! Мен сіздерді осыған шақырамын!» - деп, еліміздің тұтастығын мемлекеттік тілдің көң өрісінде екенін атап көрсетті. Ол өзінің 2009 жылы 27 желтоқсанда БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында да: «Осы тұрғыдан алғанда, мен қазақ халқының ұлттық мүддесін көздеп, осы мәселені алға тартып жүрген азаматтардың сөзін дұрыс емес деп айта алмаймын», - деген еді.

Қазір дүние жүзі елдері жәһанданды дәуірін бастап көшіріп жатыр. Біз де әлемдік өркениеттің заманауи жетістіктерін өзмізге қабылдай отырып, әлемдік даму жолына түсуге ұмтылғысы жасап, әлеуметтік-экономикалық жағдайымызды біршама жақсартуға қолжеткіздік. Сөйтіп, дамудың жана кезеңіне қадам бастық.

Дегенмен солармен қатар ұлттық рухани құндылықтарымызды да қадірлеп, бағалай алуымыз қажет. Әсіресе бүгінгі ұлттық құндылықтарымыздың ең маңыздысы болып, қазақстандық қоғамды отансүйгіштік рухта ұйытуға тиісті қазақ тілінің мәртебесін көтеру – бүгінгі күнге аса маңызды мәселе.

Білім мен тәрбиені мемлекеттік тіл арқылы беру үлкен мүмкіндіктерге жол ашды. Оны жан-жақты дамытпайынша, қазақстандық жас ұрпақты өз Отанын қадірлеп-қастерлеп сүйетін парасатты азамат етіп шығару қиын шаруа. Сондықтан да еліміздің мемлекеттік тіл мәртебесін нығайтып отырған қазақ тілінде жас ұрпақты оқытып-үйрету мәселесі қашанда басты назарда болуға тиіс.

Отансүйгіштік сана-сезім-ұлттық құндылықтарға жағалды. Қазақстандық азаматтардың өз еліне деген ыстық сүйіспеншілігін ояту – ұлттық кәуіпсіздікті сақтаудың негізгі элементтерінің бірі. Отаншылдық сана – сезім қандай бір елдің азаматы болғанын, негізінен, сол елдің мемлекеттік тілі арқылы қалыптаседы. Сол себептен де елімізде мекен етіп, өмір сүріп жатқан қазақстандық әрбір азамат, өзінің қай ұлт өкілі екеніне қарамастан, мемлекеттік тілді ментеруге міндетті. Әлемде біз сияқты бірнеше ұлт өкілдерінен тұратын елдер жеткілікті. Бірақ оларда мемлекеттік тілді білмесен, жұмыс істей де, өмір сүре де алмайсың.

«Тіл – тарихи категория. Ол өзінің ішкі даму заңдылығы бойынша өрбиді, дамиды, жетіледі. Ешқандай саяси әлеуметтік формацияның ықпалына бағынбайды, бірақ әрбір заман-дәірде өз халқының өмірімен бірге өседі, онымен бірге қайнасып, бірге күн кешеді. Ел басынан өткен өзгерістер таңба басқандай болып жазылып қалады. Тіл – халықтың тарихы, - тілдің анасы» (Исаева Ж. Әдеби тілдің нормасынан ауытқатын сөздердің тарихи-лингвистикалық аспектісі. – Ал.: Арыс, 2004 жыл, 5-бет) деген пікірдің алғашқы екі жолымен санасасак та, тілдің ішкі даму заңымен қатар, сыртқы сан алуан себептердің де тілге типтәсер әсерін жоққа шығаруға болмайды. Түрлі сыртқы себептердің ықпалынан ұзақ уақыт өте келе, кез келген тіл өзгеріске ұшырайды. Сондай-ақ туысқан тілдердің өзара жақындауы да мүлдем байқалмайтындай дәрежеге жетіп, бір-бірінен біртіндеп ашықтайды. Оған сондай-ақ ықпалы заманда бір негізден тараған деп топшыланып жүрген